What needs to be done?

In order to provide adequate conditions for labor migration in Kazakhstan the national government needs to take the following measures:

- to ratify the International Convention on the Protection of the Rights of All Migrant Workers and their families, and the International Labor Organization’s conventions on Migrant Workers (1975), on Decent work for domestic workers and migrant-workers (2011);
- to take necessary measures to guarantee the openness of information regarding existing migration processes in Kazakhstan and its availability to public organizations to optimize the provision of all migrant workers’ right;
- to ensure all migrants working at construction, agriculture, services or trade, legalizing their position in a sustainable manner, amend immigration and labor laws, creating the necessary provisions for issuing a work permit;
- to provide guidance on essential rights of all foreign workers, comprising household and cyclic-agricultural workers, on compliance with safety measures, for reasonable working time, weekends and holidays;
- to create a direct complaint system accessible to all victims of abuse; respond quickly on reports of troubles of the rights of all immigrant workers;
- to strengthen the monitoring system of migrant labor conditions by allowing representatives of labor inspectorates to make frequent and unplanned monitoring of small, medium and large enterprises and highlighting the necessary financial resources and human resources;
- to provide all children regardless of legal status parents with access to public schools;
- to extend the scope of recipients of free health care in transferrable infections cases;
- and other measures.

CONCLUSION

Kazakhstan offers a comprehensible legal framework for migration, based on the Law on Migration (2011). The law regulates internal migration, outlines categories of migrants, and lays out detailed immigration measures. However,

current migration legislation does not explicitly address the issues of informal migrant workers who constitute an overwhelming majority of the working migrants in the country. These migrants are in an especially weak position, and frequently employed in difficult conditions and become targets of exploitation, mental and physical abuse; involuntary labor or human trading. The precarious position also restricts their kids’ entree to public school, and the whole family’s access to the medical service.

Legislative and institutional changes, as well as the development of inter-agency and international cooperation, could improve the regulation of labor migration, and the system for protection of migrant workers’ rights in Kazakhstan. Civil participation can also be helpful in improving this area of the national law.

REFERENCES

- 1 Treaty on the Eurasian Economic Union, 29 May, 2014, https://docs.eaeunion.org/docs/en-us/0017353/itia_05062014_doc.pdf.
- 2 The Law of the Republic of Kazakhstan, «On the Status of Foreigners of the Republic of Kazakhstan», 12 January, 2007. [Electronic resource]. – <http://adilet.zan.kz/eng/docs/U950002337>.
- 3 The Law of the Republic of Kazakhstan, «On Education», 27 June, 2007, updated on 11 July 2017.
- 4 The Code of the Republic of Kazakhstan, “On Public Health and Health Care System”, 18 September, 2009.
- 5 Law of the Republic of Kazakhstan, «On Migration», 22 July, 2011.
- 6 Law of the Republic of Kazakhstan, «On the State Border of the Republic of Kazakhstan», 16 January, 2011,
- 7 Law of the Republic of Kazakhstan, «On Civil Protection», 11 April, 2014.
- 8 Legal labor migration in Kazakhstan, Sadovskaya E, 2014. [Electronic resource]. – <http://www.demoscope.ru/weekly/2014/0583/tema03.php>
- 9 Informal migrants in Kazakhstan, FIDH, 2016. [Electronic resource]. – https://www.fidh.org/IMG/pdf/note_kazakhstan_681r_6_sept_2016_ru_web.pdf
- 10 “Non-existent people” and their operation in Kazakhstan, FIDH, 2018. [Electronic resource]. – <https://www.fidh.org/IMG/pdf/kazakh713rusweb.pdf>
- 11 Up to 15% of migrant workers have infectious diseases, Liter, 2015.
- 12 Migrants’ access to education in Kazakhstan, E. Vatlina, 2012. // [Electronic resource]. – www.myshared.ru/slide/221089/.
- 13 United Nations, Department of economic and social affairs, International Migration Report, 2015. // [Electronic resource]. – www.un.org/

en/development/desa/population/migration/publications/migrationreport/docs/MigrationReport2015_Highlights.pdf].

14 World Bank statistics, 2016. [Electronic resource]. – [http://data.worldbank.org/country/kazakhstan

15 Labor Code of the Republic of Kazakhstan, 2007, labor cd. [Electronic resource]. – https://www.ilo.org/dyn/natlex/docs/MONOGRAPH/76433/82753/F982631364/Microsoft%20Word%20-%20ENG%20KAZ.76433.pdf

16 National Bank's report, Zakon.kz, 2018. [Electronic resource]. – https://www.zakon.kz/4928337-inostrannye-denezhnye-perevody-v.html.

Material received on 24.05.19.

3. Торебекова¹, Б. Бокаев², Ж. Давлетбаева³

Қазақстандағы еңбек миграциясы: мүмкіндіктер мен қиындықтар

¹Сиракуз университеті, АҚШ;

^{2,3}ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы,
Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы.

Материал 24.05.19 баспаға түсті.

3. Торебекова¹, Б. Бокаев², Ж. Давлетбаева³

Трудовая миграция в Казахстане: возможности и вызовы

¹Сиракузский университет, США;

^{2,3}Академия государственного управления
при Президенте РК,
г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 24.05.19.

Бұл мақалада шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыруының заңнамалық негіздері қарастырылады. Мақалада еңбек мигранттарының сандық көрсеткіштеріне, олардың Қазақстанда еңбек ету жағдайларына, сондай-ақ еңбек мигранттар кездесетін қиындықтарға талдау жасалады. Негізгі назар бейресми қызмет атқарып жатқан шетел азаматтарына, оның ішінде сол азаматтардың басым бөлігін құрайтын Орталық Азия елдерінен келген мигранттарға аударылады.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018–2020 жылдарға арналған ғылыми жұмыстарды гранттық қаржыландыру шеңберіндегі № АР05136246 «Қазақстан

Республикасының көші-қон саясатын елдің интеллектуалды әлеуетін дамыту контекстінде жаңғырту» жобасы бойынша даярланған.

Данная статья рассматривает законодательные основы осуществления трудовой деятельности в Республике Казахстан гражданами зарубежных государств. В статье приводится анализ количественных показателей трудовых мигрантов, условия их пребывания в Казахстане, а также сложности, с которыми связываются трудовые мигранты. Особое внимание уделяется неформальным трудовым мигрантам, подавляющее большинство которых, составляют граждане стран Центральной Азии.

Статья подготовлена в рамках грантового финансирования научных исследований Министерства образования и науки Республики Казахстан на 2018–2020 гг. по проекту № АР05136246 «Модернизация миграционной политики Республики Казахстан в контексте развития интеллектуального потенциала страны».

ГРНТИ 04.51.31

Г. Т. Урузбаева¹, А. Х. Мухсым²

¹к.п.н. доцент, Факультет социальных наук, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан;

²магистрант, 2 курс, специальность «6М090500 - Социальная работа», Факультет социальных наук, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан
e-mail: ¹numenorih3@mail.ru; ²mukhsym@bk.ru

СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИИ «СОЦИАЛЬНАЯ РАБОТА» НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В статье рассматриваются основные задачи становления и развития профессии «Социальная работа» в РК. Также отмечается, что в Казахстане за 2018 год проделана огромная работа для улучшения качества оказываемых социальных услуг. В статье также выявлены актуальные вопросы, такие как подготовка и повышение квалификации социальных работников, увеличение требований к отбору и подготовке кадров, поддержка волонтерства и благотворительности. Также отмечается что, дальнейшее развитие профессии «Социальная работа» будет связана с пропагандой имиджа профессии, повышения ее престижа, понимания данной профессии не только как благотворительной деятельности, а как профессии, связанной с выполнением широких функциональных обязанностей в области социальных услуг населению.

Авторы статьи, выявили проблемы подготовки социального работника как социолога.

Ключевые слова: профессия социальная работа, подготовка социального работника.

ВВЕДЕНИЕ

В 2009 году в связи с принятием закона о специальных социальных услугах в нашей стране начата модернизация системы социального обслуживания. Одним из ее основных направлений является формирование и развитие института социальных работников. Для обеспечения лиц с особыми потребностями равными возможностями внедрены стандарты

оказания специальных социальных услуг, разработаны критерии оценки степени рисков в сфере их предоставления, закреплена правовая статус социальных работников.

Социальный работник – одна из наиболее благородных профессий на земле. Сегодня в Казахстане (на 2018 г.) более 20 тысяч социальных работников, которые ежедневно помогают семьям, инвалидам, пожилым людям справиться с трудной жизненной ситуацией, окружают их вниманием и заботой.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Перед Казахстаном поставлены задачи по созданию условий для повышения качества и конкурентоспособности человеческого капитала, а также достижений высоких стандартов качества жизни всех граждан РК, что нашло отражение в основных задачах и направлениях в сфере социальной работы. Вместе с тем, мы можем отметить, что существуют проблемы становления социальной работы как профессии в РК, которые мы систематизировали и представили в Таблице 1.

Таблица 1 – Проблемы становления социальной работы как профессии в РК

№	Проблемы становления социальной работы как профессии	Содержание проблем, связанных с развитием социальной работы как профессии
1	Социальная работа в РК больше воспринимается как благотворительность.	Благотворительность, чаще всего, зависит от отдельных личностей; это означает, что благотворительный проект в любой момент может закрыться, потому что люди передумали или поменяли свои взгляды.
2	Во многих организациях нет такой должности как социальный работник.	Наша общества упускает кадры, которые могли бы организовать действенную помощь населению, и тем самым предотвратить трудные жизненные ситуации.
3	Увеличить требования к отбору и подготовке кадров	Большинство студентов выбирают профессию социальная работа, потому что они не поступили на другие специальности, такие как туризм, государственное и муниципальное управление и т.д.
4.	В стране люди не обращаются за психологической поддержкой, а пытаются решить существующие у них социально-психологические проблемы сами.	В Казахстане (ни для кого не секрет), люди чаще обращаются за помощью к нетрадиционной медицине, чем к профессиональным психологам и социальным работникам (гадалки и целители зачастую просто играют роль психолога).

Таким образом, дальнейшее развитие профессии «Социальная работа» будет связана с пропагандой имиджа профессии, повышения ее престижа, понимания данной профессии не только как благотворительной деятельности, а как профессии, связанной с выполнением широких функциональных обязанностей в области социальных услуг населению; обучением и переподготовкой высококвалифицированных специалистов; открытием Высшей школы социальной работы; увеличением заработной платы социальных работников.

Современная практика становления и развития социальной работы позволяет выделить три направления подготовки кадров социальной работы, пишет Уранкаева Ж., адаптированных к современным рыночным условиям казахстанского общества (см. табл. 2).

Таблица 2 – Три основных задач в сфере социальной работы в РК

№	Основные задачи в сфере социальной работы	Содержание работы в профессии «Социальная работа»
1	Вывести профессию «социальная работа» на принципиально новый уровень, когда социальная работа понимается как деятельность, требующая высокой духовности, безупречных моральных, нравственных качеств	Переосмыслить роль и значение профессии в общественном сознании и отойти от позиции, когда социальный работник воспринимается как «простая сиделка».
2	Подготовка кадров социальной работы, адаптированных к современным условиям.	Качественно новые программы подготовки и переподготовки социальных работников, учитывающих мировые тренды в сфере социальной работы.
3	Развивать институты благотворительной помощи, меценатства и волонтерского движения.	Актуализировать в обществе чувство сострадания, заботу и милосердие, на пути к становлению единой нации сильных, ответственных людей, важно изменить общественное сознание. Примером для всех граждан должен стать человек добрый, отзывчивый, всегда готовый прийти на помощь другим.

В целях развития профессии «Социальная работа» и улучшения качества оказываемых социальных услуг в Казахстане проделана огромная работа (2018год): Прошел первый форум социальных работников (22 сентября 2018. г. Астана); презентован национальный ресурсный центр по социальной работе (11 октября 2018 г. Астана); состоялся республиканский форум «К Обществу Всеобщего Труда», посвященный Дню Труда и Дню работников

системы социальной защиты, который проводится третий год (26 октября 2018 г. Астана).

Обобщение накопленного опыта в сфере социальной защиты населения, определение основных ориентиров, переосмысление роли и вклада социальных работников являлось целью форума социальных работников (22 сентября 2018. г. Астана). В повестку форума вошли такие актуальные вопросы, как менеджмент в социальной сфере, подготовка и повышение квалификации социальных работников, расширение участия некоммерческих организаций в оказании специальных социальных услуг, поддержка волонтерства и благотворительности. Основные задачи первого казахстанского форума социальных работников были связаны с обменом опытом специалистов в социальной сфере; обсуждением наиболее характерных проблем и поиском единых подходов; сообщениями о новых технологиях и инновациях на площадках форума. По итогам форума социальных работников были сформированы отдельные предложения по дальнейшему развитию профессии «Социальная работа» и разработаны конкретные рекомендации по таким проблемам как социальное обслуживание лиц с ограниченными возможностями и лиц пожилого возраста, детей с ограниченными возможностями в отделениях дневного пребывания и жертв торговли людьми. Одним из важных моментов форума была презентация этического кодекса работников, системы социальной защиты населения РК.

В целях развития кадрового потенциала, а также усовершенствования системы казахстанской социальной работы при министерстве труда и социальной защиты населения Республики Казахстан и поддержке Детского фонда ООН (ЮНИСЕФ) открылся Национальный ресурсный центр по социальной работе. На основе материалов Тукпиева Ж., мы выделили основные цели, задачи, а также ожидаемый результат работы данного центра в социальной сфере (см. таб.3).

Таблица 3 – Национальный ресурсный центр по социальной работе

Национальный ресурсный центр по социальной работе	
Презентация НРЦ по социальной работе	11 октября 2018 года
Создатели НРЦ по социальной работе	Министерства труда и социальной защиты населения РК при поддержке Детского фонда ООН (ЮНИСЕФ)
Цель НРЦ по социальной работе	1) Развития кадрового потенциала 2) Усовершенствования системы казахстанской социальной работы (социальные работники новой формации, владеющие не только навыками, но и новыми технологиями)

Основные направления НРЦ по социальной работе	1) Учебно-методическая работа 2) Экспертно-аналитическая работа
Задачи НРЦ по социальной работе	1) Изучение лучших зарубежных практик. 2) Профессиональная подготовка компетентных социальных работников, для того чтобы современные требования рынка труда были созвучны с образовательными стандартами.
Прделанная работа НРЦ (Опыт)	1) Участие в региональных конференциях, симпозиумах, совместных проектах с ведущими зарубежными центрами по подготовке социальных работников. 2) Введены курсы по взаимодействию с международной ассоциацией социальных работников. 3) Проведены съезды социальных работников и взят курс на модернизацию системы социального обслуживания.
Ожидаемый результат работы НРЦ по социальной работе	1) Профессиональная социальная работа позволит государству эффективно решать весь спектр проблем, связанных с социальными рисками; 2) Совершенствование системы социальной помощи и социальных услуг в Казахстане; 3). Решение проблем социального благополучия и развитие дополнительных инструментов в решении проблем бедности.

26 октября 2018 года в Астане состоялся республиканский форум «К Обществу Всеобщего Труда», посвященный Дню Труда и Дню работников системы социальной защиты. В рамках форума состоялась торжественная церемония награждения победителей республиканского конкурса «Лучший работник системы социальной защиты» [3]. Победителями Конкурса по решению республиканской комиссии награждены следующие представители системы социальной защиты в 8 номинациях:

Таблица 4

№	Номинации награждения победителей республиканского конкурса «Лучший работник системы социальной защиты»
1	«Лучший работник пенсионной системы»
2	«Лучший работник системы социального страхования»
3	«Лучший социальный работник»
4	«Лучшее медико-социальное учреждение»
5	«Лучший работник Центра занятости»
6	«Лучший менеджер-организатор социальной сферы»
7	«Лучший государственный инспектор труда»
8	«Лучший социальный работник Государственной корпорации «Правительство для граждан»

Мы выделили главные качества социального работника, которые являются ведущими для осуществления продуктивной профессиональной деятельности, опираясь на статью Жакуповой Г. «Социальный работник о профессии, которая поможет в решении глобальных проблем» (см. схему 1).

Схема 1 – Главные качества социального работника



В РК процесс подготовки социальных работников происходит параллельно со становлением системы социальной защиты и работы с социально-уязвимыми категориями населения. За последние 10 лет в изменяющихся социально-экономических условиях повсеместно в Республике ситуация процесса подготовки по профессии «Социальная работа» выглядит следующим образом: Открываются специальные организации и подразделения по оказанию социальной помощи различным категориям граждан – это и реабилитационные центры, и ПМПК (психолого-медико-педагогические консультации), и Центры по обслуживанию населения, и другие; студенты стали получать возможность практической отработки полученных знаний и умений на вышеперечисленных базах практик; увеличилось количества научных исследований (соискательств на

звание кандидата педагогических, медицинских и социологических наук) в области подготовки кадров для социальной сферы.

ВЫВОДЫ

В Казахстане на 2018 год более 20 тысяч социальных работников, принят Закона о специальных социальных услугах, начата модернизация системы социального обслуживания, формируется и развивается институт социальных работников; в Казахстане (на 2018 г.) более 20 тысяч социальных работников. Наиболее часто повторяются в публикациях качества социального работника как профессионала и называются такие черты личности как умение сопереживать (эмпатия), стремление понять другого человека, отсутствие чувства осуждения забота о себе, т.к. профессия связана с высоким «эмоциональным выгоранием».

Становления и развития социальной работы как профессии в РК содержат несколько проблем: подготовка кадров социальной сферы на стадии становления и дальнейшего развития; профессию «Социальная работа» воспринимают как благотворительность; мало рабочих мест для социальных работников; большинство населения не знают о существовании профессии «Социальная работа». В связи с вышеуказанными обстоятельствами становления и развития профессии «Социальная работа» в Казахстане, были предложены решения для дальнейшего развития профессии «Социальная работа». К ним относятся: Пропаганда имиджа профессии; повышения престижа профессии «Социальная работа»; понимания социальной работы как профессии, связанной с выполнением широких функциональных обязанностей в области социальных услуг населению; обучение и переподготовка высококвалифицированных специалистов; увеличение заработной платы социальных работников.

В целях развития профессии «Социальная работа» в Казахстане на государственном уровне практикуются такие формы работы, которые способствуют эффективному развитию социальной работы:

- «Первый форум социальных работников»;
- «Республиканский форум «К Обществу Всеобщего Труда», посвященный Дню Труда и Дню работников системы социальной защиты;
- Съезд социальных работников;
- Открытие Высшей школы социальной работы;
- Национального ресурсного центра по социальной работе;
- Презентация этического кодекса работников системы социальной защиты населения РК;

– Утверждено положение о победителях республиканского конкурса «Лучший работник системы социальной защиты» (восемь номинаций).

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 **Уранкаева, Ж.** «Основные задачи в сфере социальной работы обозначила Госсекретарь РК» 22.09.2017г. газета «Казахстанская правда»
- 2 **Тукпиев, Ж.** «Национальный ресурсный центр презентовали в Астане» 11. 10.2018 г. Газета «Казахстанская правда»
- 3 Официальный интернет ресурс Министерства труда и социальной защиты. [Электронный ресурс]. – <http://www.enbek.gov.kz/ru/node/352633>
- 4 **Жакупова, Г.** «Социальный работник о профессии, которая поможет в решении глобальных проблем» 21.04.2017 г. [Электронный ресурс]. – сайт WEproject.

Материал поступил в редакцию 24.05.19.

Г. Т. Урузбаева¹, А. Х. Мұхсым²

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасындағы «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының қалыптасуы және дамуы

^{1,2}Әлеуметтік ғылымдар факультеті,

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы.

Материал 24.05.19 баспаға түсті.

G. T. Uruzbayeva¹, A. Kh. Mukhsym²

Formation and development of the profession «Social worker» in the Republic of Kazakhstan at the present stage

^{1,2}Faculty of Social Sciences,

L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 24.05.19.

Мақалада Қазақстан Республикасында «Әлеуметтік жұмыс» мамандығын қалыптастыру мен дамытудың негізгі міндеттері талқыланады. Сондай-ақ, мақалада 2018 жылы Қазақстанда әлеуметтік қызметтердің сапасын жақсарту үшін үлкен жұмыс атқарылғаны көрсетілген. Сонымен қатар, мақалада әлеуметтік

қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру, іріктеу мен оқытуға қойылатын талаптарды күшейту, еріктілік пен қайырымдылықты қолдау сияқты маңызды мәселелер анықталды. Сондай-ақ, әлеуметтік жұмыс мамандығының одан әрі дамуы кәсіптің имиджін көтеруге, оның беделін көтеруге және осы мамандықты тек қайырымдылық қызмет ретінде ғана емес, халық үшін әлеуметтік қызметтер саласында кең функционалдық міндеттерді жүзеге асырумен байланысты мамандық ретінде түсіндіруге байланысты болады. Мақала авторлары соционорм ретінде, әлеуметтік қызметкерді әлеуметтік даярлау мәселелерін анықтады.

The article discusses the main tasks of the formation and development of the profession «Social Work» in the Republic of Kazakhstan. It is also noted that Kazakhstan did a great job to improve the quality of social services provided in 2018. The article also revealed the topical issues such as training and advanced training of social workers, increasing the requirements for selection and training, support for volunteering and charity. It is also noted that the «Social Work» professions will be associated with promoting the image of the professions, enhancing their skills, understanding the profession not only as charity, but also as professions, including fulfilling broad functional responsibilities in the social services sector.

The authors of the article, identified problems of training a public worker as a sociologist.

«МӘДЕНИЕТТАНУ» СЕКЦИЯСЫ

FTAMP 37.036-053.6

Б. А. Касимбекова¹, З. А. Зубайраева², А. А. Аубакирова³

¹PhD, аға оқытушы, «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасы, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, Шымкент қ., 160005, Қазақстан Республикасы;

²п.ғ.к., аға оқытушы, «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасы, Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

³п.ғ.м., аға оқытушы, «Әлеуметтік-педагогикалық пәндер» кафедрасы, Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

e-mail: ³aubakirova_90_90_90@mail.ru

СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР ЖӘНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы «Қазақстанның бірегей халықтарының ұлтаралық және мәдениетаралық ынтымағы мен жетілуін қамтамасыз ете отырып, қазақ халқының көп ғасырлық дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін сақтаймыз және дамыта түсеміз» деген ой-тұжырымдары да жас ұрпақты рухани-мәдени мұралар негізінде тәрбиелеу қажеттігін айғақтайды. Бұл мақалада жас жеткіншектердің сәндік-қолданбалы өнер шығармашылығымен етене танысуы негізінде эстетикалық әсерге бөленіп, сұлулық пен әсемдікке тәрбиелену, олардың эстетикалық талғамдары жетілуі және ұлттық сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын жасау процесінде жоғары эстетикалық талғамға қол жеткізу, сұлулық пен әсемдікті аса жоғары бағалау, эстетиканы этикамен ұштастырып тәрбиелеу туралы жазылған. Сондай-ақ аталған өнер туындыларының мазмұнын жете меңгеруі мен ондағы ою-өрнектердің мәнін ұғынуы арқылы жеткіншектердің ақыл-ойлары өседі, адами сапалары толыса түседі. Сол туындыларды өз қолдарымен жеке және ұжым болып жасауы барысында рухани-адамгершілік сапалары артады, шеберлігі шыңдалады, еңбектенуге, еңбекке деген құлшынысы қалыптасады, өз еңбегін және өзгелер еңбегін бағалай білуге тәрбиеленген.

Кілтті сөздер: Сәндік-қолданбалы өнер, эстетика, мәдениет, тәрбие, дәстүр, еңбек.

КІРІСПЕ

Сәндік-қолданбалы өнер ұғымы ХХ ғасырдың екінші жартысында қарапайым халықтың колөнер ұғымының аясында пайдаланып келді. Қазіргі уақытта эстетикалық тәрбие үлкен маңызға ие. Оның міндеттерінің бірі жас жеткіншектердің шынайы өмірге, эстетикалық қарым-қатынастарын қалыптастыру. Ал бұл шығармашылық тұрғыдан ізденімпаз тұлғаны дамытудың факторы болып саналады. Адамның шындыққа, өнерге эстетикалық қарым-қатынасы эстетикалық қабылдаудан басталады және онсыз қалыптасуы да мүмкін емес. Осыған байланысты балалардың эстетикалық тұрғыдан қабылдау және бақылау қабілеттерін дамытудың қажеттілігі артады. Осы қабілеттердің дамуы өмір мен өнердегі әсемдікті, ұлылықты, шынайылықты түсінуге және оларды талғамсыздықтан ажырата білуге мүмкіндіктер жасайды. Эстетикалық қарым-қатынастар эмоционалдық сипатқа ие болғандықтан, өмір мен өнердің эстетикасын тану эстетикалық күй кешу, сезіну арқылы жүзеге асырылады [1].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Эстетикалық тұрғыдан қабылдау адамның туа біткен қабілеті болып табылмайды. Ол белгілі бір мәдениеттіліктен, даярлықтан, эстетикалық білімділіктен талап етіледі. Бұл эстетикалық қажеттілік, қабілет талғам, бағалау және т.б салаларды қамтитын жеке тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың қажеттілігін арттыра түседі. Шындыққа эстетикалық қарым-қатынас затты құбылысты эстетикалық тұрғыдан бағалаудан да көрінеді. Жас жеткіншектердің эстетикалық талғамы оның эстетикалық тұрғыдан сезімін білдіру, оны саналы ойдан өткізу, көркемдік сапаны эмоционалдық бағалау, көркемдік нысанды жеке эстетикалық қажеттілігі деңгейімен салыстыру болып табылады. Эстетикалық талғам жеке тұлғаның қажеттіліктері және идеалмен қатар жүретін күрделі білім. Ол жеке тұлғаның эстетикалық тәрбиелілігінің көрсеткіші, көркемдік дамуының деңгейі болып саналады. Эстетикалық талғамның дамуында қиял, елес және көркемдік ой үлкен мәнге ие болады. Жас жеткіншектердің осы сапаларының дамуына тарихы мен мазмұны терең сәндік-қолданбалы өнер саласындағы жан-жақты білімдер аталған өнер түрлерінің туындыларын жасау барысындағы шығармашылық тапсырмаларды орындау ықпал етеді.

Адамның шындықты эстетикалық тұрғыдан игеруі барлық саладағы эстетикалық іс-әрекеттерді қамтиды. Эстетикалық қажеттіліктердің дамуы

адамның ұлттық мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді және рухани тұрғыдан дамуына ықпал етеді.

Эстетикалық қажеттілік көркемдік көзқрастарда, талғамда шығармашылықта пайда болады және адамның іс-әрекеті мен өмірлік мақсаттарына, әлеуметтік мінез-құлқына ықпал етеді. Бұл әлеуметтік топтардың көркемдік құндылықтарға (өнер, табиғат, еңбек т.б.) шындыққа қарым-қатынасы болып табылады.

Қабілеттер мен қажеттіліктер бір-біріне тәуелді және бірін-бірі толықтыра түсіп, бірлікті құрайды, қажеттіліктің дамуы қабілеттің дамуына әсер етеді. Мәселен, сәндік-қолданбалы өнер туындыларын қабылдау қабілетін дамыту үшін оның көркемдік тілін түсіну, көркемдік шындығын, шарттылығын және т.б. жете ұғыну қажет [2].

Сәндік-қолданбалы өнердің мәнін түсіну жеткіншектердің өнердің мәнін түсінуге оларға дұрыс қарым-қатынас жасауға септігін тигізеді. Жеткіншектерді сәндік қолданбалы өнерінің барлық түріне үйрету процесінде еңбек, эстетикалық, адамгершілік дене және ақыл-ой тәрбиесінің өзара кіріктірілгенін аңғаруға болады. Демек, бұл процестің нәтижесі: дені сау игі тұлғалық қасиеттерге, сыйластықты қарым-қатынастарға, көркемдік талғамға ие, шығармашылық тұрғыдан жетілген адам. Өйткені сәндік-қолданбалы өнер-көркем өнер. Көркемдік адамды ізгілендіреді, сол сұлулықты өз қолымен жасауды түсіну мен жасай білу оны рухани тұрғыдан байытады. Ал жоғары көркемдік деңгейде жасалған әсем бұйымдар ақыл-ой тәрбиесінде үлкен мәнге ие болады. Сондықтан да қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін балаларға үйретуде осы міндеттер бірлікте және өзар байланыста жүзеге асырылады.

Әсіресе, халықтың сәндік-қолданбалы өнерінің балалардың эстетикалық тәрбиесінде мүмкіндіктері шексіз. Олай дейтіміз ол сұлулықтың, сондай-ақ шындыққа эстетикалық тұрғыдан қарым-қатынас жасаудың мағызды элементі болып тыбылады. Қазақ зергерлерінің ат-тұрмандарды абзалдау өнері талай заманнан бері келе жатқан көне дәстүр және ол өзінің әсем де қарапайымдылығымен талай жандарды таңдандырған. Бұл жөнінде жазған орыс зерттеушілері И. Славцовтың (1875 жылы), А. Гейненің (1898 жылы) еңбектерінде қазақ зергерлерінің орта Азия елдерінің бөріненде артық та сәнді екендігі айтылған.

Халықтың сұлулықты ерекше бағалауы олардың олардың сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын жасауды әсемдік пен көркемдікті бірінші орынға қоюынан көрінеді. Осы айтқанымызға мына мәліметтер мысал бола алады. Халық арасында белгілі бір топтар үйде де, түзде де, күнделікті тұрмыста да ұдайы жақсы киініп жүрген. Олар бойжеткендер, бозбалалар,

салдар ән-күй, күрес өнерпаздары еді. Сол сияқты келіншектер де тұңғышын тапқанша өте сәнді киініп жүрген. Кестелі, зерделі, жалтырауық киімдерді қадірлі қарттардың да үнемі киініп жүруі ел рәсіміне тән сиымды салт деп саналған.

Сондай-ақ қазақ халқының жас жұбайларға арналған отау үйі де жасауларға өте бай және бай сәнді, салтанатты болған. Бұлар өзінің жиһаздарының әдемілігі, сәнділігі жағынан тіпті билеуші үстем тап өкілдерінің ордасынан да асып түсетін болған. Өйткені халық шеберлері ондай жас жұбайларға арналған үйді жасау, жиһаздарға бөлеп, безендіруге ерекше ынтасы мен жігерін, табиғатындағы талантын, өзінің іскерлігі мен өнерін барынша аянбай сүйсіне жасаған [3].

С. М. Дудиннің жазбаларында мынадай ойлар айтылған: «Өрнектелген текеметтерді қазақтар мен өзбектер дайындаған. Олардың суреттерін қарапайымдылығына және бояуларының кедейлігіне қарамастан өрнектелген киіздер табиғи бояулы жүндердің үйлесуі, бояу реңтерінің жұмсақтығы, қарапайым сәнділігі бойынша адам да жақсы әсер қалдырады».

Осындай бұйымдарды зерттеу, оларды талдау балаларды шығармашылық жұмысқа, ұлттық өнерге сүйіспеншіліктерін, әдемі бұйымдар жасауға тапыныстарын арттырады.

Сәндік-қолданбалы өнер бірінші кезекте үлкен танымдық функцияны атқарады және негізінде жеке тұлғаның сезімімен санасының дамуына, оның көзқарастары мен сенімдеріне ықпал етеді. Бұл туралы В. Г. Белинский былай деген болатын «қоршаған ортаны танудың екі жолы бар ғылыми жолмен тану және өнер арқылы тану». Ол ғылымның деректермен, түсініктермен, силлогизмдермен жеткізетінін, жазушы немесе суретшінің образдармен, суреттермен беретінін, бірақ екеуінде де бір ой айтылатынын түсіндіреді.

Сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарында шебер осындай ойларды ақпараттандырады және ою-өрнектер арқылы мазмұндайды. Қарасаң көз тоймайтын халықтың үй жиһаздарына, кестелі орамалдарына, оюлы киімдеріне, зергерлік бұйымдарына, ағаштан, теріден, сүйектен жасалған тұрмыстық заттарына қараған сайын қарай бересің, одан жан дүниен сұлуланып, жанарың нұрланады, ойың толысады. Олардың барлығы да қарапайым және қатаң сақталатын формаларымен ерекшеленеді, ал бұйымның айқындылығы мен әсерлігі, мазмұндылығы оның бай да мәнерлі бейнеленген ою-өрнектерінен көрінеді. Мысалы, көнер бұйымдарының жиектеріне салынатын «тау» оюы-мәңгіліктің, күш-күдіреттің символы. Сондай-ақ гүл мен гүл түйнегінің айқаса бірігіп салынуы-бірлікті, елдің ынтымақты болуын меңзейді.

Осылайша шындық пен адамның рухани өмірінің көркем образдарда көрініс алуы жеке тұлғаға эмоциялық тұрғыдан ықпал етіп, оның сүйіспеншілік, қуаныш, сұлулық, асқақ сезімдерін оятады. Сондай-ақ ою-өрнектерден бұйымның жалпы пішінімен шебер үйлесуі қоршаған ортаға эстетикалық қарым-қатынастың қалыптасуына себепші болады. Ұлттық сәндік-қолданбалы өнердің мәнін түсіну оларға дұрыс қатынас жасауға септігін тигізеді [4].

Сәндік-қолданбалы өнердегі эстетикалық тәрбие мүмкіндіктері адамгершілік сапаларымен де сабақтасып жатады. Мәселен, ер қанаты ат деп білген халық мініс көлігі ішінде салт ат мініуді әрі сән, әрі өнер тұтқан. «Жүйрік ат, түзу мылтық ер қаруы» дей отырып, адам астындағы атын сенімді серік, айнымас досқа балаған. Атты келістіріп мініуді – өнер санаған қазақ оны ер-тұрман, жүген-құйысқанын сәндеп абзалдауды салт еткен. Ал ат-тұрмандарын әсемдеуді халық зергерлері абыройлы да ардақты іс санаған. Демек сұлулыққа әсемдікке ұмтылушылық- адамгершілік әрекеттерінің бірі.

Эстетикалық талғам логикалық тұрғыдан ойлау, талдау, деректерді салыстыру және қорытындылау қабілеттеріне негізделеді. Ол үздіксіз өзгеріске түседі, молаяды, жаңа мазмұнмен толықтырылады, адам өмірінің барлық саласында жетілдіріледі. Сапаның және эстетикалық талғамның объективтілігін анықтайтын өлшемі тәжірибе болып табылады. Тәжірибеде ғана эстетикалық талғамның сапасы, бір талғамның басқа талғамдардан артықшылығы айқындалады, жеке тұлғаның эстетикалық талғамы туралы айтылған пікірлердің шындықпен сәйкестігі анықталады. Эстетикалық талғамның дамуы адамның эстетикалық қажеттіліктерінен, эстетикалық ақпараттардың іс-әрекеттерінің сипатынан талап етіледі. Адамның шындықты эстетикалық тұрғыдан игеруі барлық саладағы эстетикалық іс-әрекеттерді қамтиды. Эстетикалық қажеттіліктердің дамуы адамның ұлттық мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді және рухани тұрғыдан дамуына ықпал етеді [5].

Сәндік-қолданбалы өнерге негіздеген көркем-шығармашылық сабақтар жас жеткіншектерге жағымды эмоциялар береді. Бейнелі ойлауға, қиялдауын дамытуға ықпал етеді, оның психикасын жеңілдетуге мүмкіндіктер береді. Мәселен, халықтың сәндік-қолданбалы өнер туындыларындағы бейнелер мен ою-өрнектерде берілген ойлар, түйсіктер мен ойлар, тұжырымдар, халықтың дүниетанымы мен жеке тұлғаның эстетикалық сапаларын жетілдіре түседі. Бояу түстері мен материалдың, бұйым формасы мен нақыштарының үйлесімділігі, олардың әсемділігі мен жарасымдылығы адамға эстетикалық-эмоционалдық тұрғыдан әсер етіп, оның рухани дүниесін байытады. Саналуан, киын да күрделі өрнектерді жүзеге асыру шығармашылықты шындайды.

Халықтың сәндік-қолданбалы өнері қаншама жылдар бойы жасалып, жетіле түскен аса кәсіби дағдылар мен амал-тәсілдерге негізделген. Олар арқылы қарапайым да көркем мәнерлікке қол жеткізуге болады. Оларды жұлдызша, айшық, ирек сызықтармен бедерленген керамиаклық ыдыстардан: ағаштардан ойып жасалған бұйымдардан, жіптерді өру, айқастыру, шатыстыру арқылы тоқыған, тоқыма үлгілерінен: құю, бедерлеу, жапсыру тәсілдерімен, асыл тастармен, бағалы материалдармен ерекшеленген зергерлік өнер туындыларынан көруге болады. Осы техникалық әдіс-амалдарды үйрену жас жеткіншектерге де тән және бұл олардың шығармашылық қабілеттерінің байқалуына, дамуына кең мүмкіндіктер береді.

Халық өнерінің шығармашылығын игеру балалардың эстетикалық талғамын ғана тәрбиелеп қоймай, олардың саздан бұйымдар жасау, ою-өрнектер түрін құрастыру, оларды дамыта қолдану, ағаш ұқсату мен ою жұмыстарын орындау, тоқыма, кестелеу әдістерін меңгеру сияқты шығармашылық тұрғыдағы жұмыстармен жеке айналысуға құштарлығын оятады. Жеткіншектер үшін сәндік-қолданбалы өнердің алуан түрлерін, дәстүрлі техникалық әдістер мен шеберлік дағдыларын жеңіл игереді. Өйткені баланың осы жасында оның бейнелеу өнері сабақтарына қажетті психологиялық-физиологиялық жетілуі аяқталады. Олардың көркемдік үрдістің техникалық әдістерін үйренуге және орындауға белсенді қызығулары пайда болады [6].

Сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарының әрбір тобын өз кезегінде көркем кәсібіне қарай бөлуге де болады, өйткені әрбір кәсіптің өзінің өрнегі, түр-түс үйлесімі, жасау әдісі және бұйымды әрлеу мен басқа да ерекше белгілері болады. Мысалы, қазақ халқы киіз, текемет, сырмақ, түс киіз және т.б. бұйымдарға ою, өрнек түстерін орналастырғанда өзіндік ережеге сүйенген, олардың бояуын белгілеуде үлкен жауапкершілікпен, талғаммен қараған. Қыздардан бояулар үйлесімділігін нәзік сезінуді, кескіндеменің заңдарын түсінуді, геометриялық фигураларды білуді, табиғаттың табиғи формаларын түсінуді талап еткен. Түс киіздің бірнеше түрлерін меңгерген (алуан түрлі ою-өрнек түсірілгені, жібек жіппен кестеленгені, зер жіппен гүл, өрнек түсірілгені, оқаланғаны, төңірегіне құндыз ұсталған, кей жеріне алтын, күміс теңгелер мен меруерт маржан қадалған аса қымбат түскізілдердің ортасына жолбарыс, ілбіс, қабылан, сілеусін және т.б. аң терілерін жапсырған түрлері). Ал бұл қыздардың көркемдік-эстетикалық талғамын дамытқан, конструкторлық білімін меңгерген, экономикадан түсінігін жетілдірген, шығармашылық қабілеттерін шындаған және рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырған.

Сонымен жас жеткіншектер сәндік-қолданбалы өнер шығармашылығымен етене танысуы негізінде эстетикалық әсерге бөленіп, сұлулық пен әсемдікке тәрбиеленеді, олардың эстетикалық талғамдары жетіледі. Сондай-ақ аталған өнер туындыларының мазмұнын жете меңгеруі мен ондағы ою-өрнектердің мәнін ұғынуы арқылы ақыл-ойлары өседі, адами сапалары толыса түседі. Сол туындыларды өз қолдарымен жеке және ұжым болып жасауы барысында рухани-адамгершілік сапалары артады, шеберлігі шыңдалады, еңбекке, еңбек адамдарына құрметі қалыптасады, өз еңбегін және өзгелер еңбегін бағалай білуге тәрбиеленеді. Осы тұлғалық салалардың қалыптауы барысында эстетикалық мәдениет элементтері де үлкен мәнге ие болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, халық сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын жасау процесінде жоғары эстетикалық талғамға қол жеткізген, сұлулық пен әсемдікті жоғары бағалаған, эстетиканы этикамен ұштастырған. Осындай халық өнерінде қалыптасқан эстетикалық дәстүрлерді қазіргі уақытта дамыта қолдануға тиіспіз. Осыған байланысты жоғарыда айтылған сәндік-қолданбалы өнердің эстетикалық мүмкіндіктерін бүгінгі білім беру мен тәрбие жүйесінде тиімді пайдаланудың мәні зор.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Әбдігапбарова, Ұ. М.** Қазақ халық педагогикасында балалар жастарды сәндік-қолданбалы өнерге үйретудің ғылыми негіздері: пед. ғыл. докторы ... дисс. – Алматы, 2008. – 271 б.
- 2 Взаимодействие и интеграция искусства в художественном развитии школьников: Рекомендации к разработке комплексных программ по искусству для школ и внешкольных занятий / Под ред. Г. П. Шевченко и Ю. П. Юсова. – Луганск : ЛГПИ, 1990. – 200 с.
- 3 **Харламов, И. Ф.** Педагогика. // Учебное пособие – 2-изд., перераб. и доп. – М. : Высшая школа. 1990. – 576 с.
- 4 **Қасиманов, С.** Қазақ халқының қолөнері. – Алматы : Қазақстан, 1995. – 240 б.
- 5 **Липский, В. Н.** Эстетическая культура и личность. – М. : Знание, 1987. – 123 с.
- 6 **Алимжанова, А. Ш.** Эстетические ценности национальной культуры казахского народа: дисс. ... канд. филос. наук. – Алматы, 2001. – 129 с.

Материал 24.05.19 баспаға түсті.

Б. А. Касимбекова¹, З. А. Зубайраева², А. А. Аубакирова³

Декоративно-прикладное искусство и эстетические особенности культуры

¹Региональный социально-инновационный университет,
г. Шымкент, 160005, Республика Казахстан;

^{2,3}Кокшетауский университет имени Абая Мырзахметова,
г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 24.05.19.

B. Kassimbekova¹, Z. A. Zubairava², A. A. Aubakirova³

Decorative and applied arts and aesthetic features of culture

¹Regional Social Innovative University,
Shymkent, 160005, Republic of Kazakhstan;

^{2,3}Abay Myrzahmetov Kokshetau University,
Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 24.05.19.

Елбасы Н. А. Назарбаев в Послании народу Казахстана выразил мысль: «Обеспечивая межнациональную и межкультурную солидарность и развитие единства народов Казахстана, мы сохраним и будем развивать многовековые традиции казахского народа, язык и культуру», которая свидетельствует о необходимости воспитания подрастающего поколения на основе духовно-культурного наследия.

В этой статье рассматривается воспитание у подростков художественного и эстетического вкуса и красоты посредством ознакомления с творческим декоративно-прикладным искусством. Достижение и совершенствование их высокого эстетического вкуса в процессе изготовления изделий национального декоративно-прикладного искусства.

А также детальное усвоение содержания произведений искусства и орнаментов расширяет горизонты мышления у подростков, насыщает человеческие качества.

Создание произведений своими руками или вместе с коллективом повышает духовно-нравственные качества, оттачивает мастерство, воспитывает трудолюбие, уважение к своему и чужому труду.

In his Address to the people of Kazakhstan, Elbasy N. A. Nazarbayev expressed the idea: «Ensuring inter-ethnic and intercultural solidarity and the development of unity of the peoples of Kazakhstan, we will preserve

and develop the centuries-old traditions of the Kazakh people, language and culture», which indicates the need to educate the younger generation based on the spiritual and cultural heritage.

This article examines the upbringing of artistic and aesthetic taste and beauty in adolescents through the introduction of creative arts and crafts. Achievement and improvement of their high aesthetic taste in the process of manufacturing products of national decorative and applied art.

As well as a detailed assimilation of the content of works of art and ornaments expands the horizons of thinking in adolescents, saturates human qualities.

Creating works with one's own hands or together with a team enhances spiritual and moral qualities, hones skill, fosters diligence, respect for one's own and other people's work.

«ТАРИХ» СЕКЦИЯСЫ

FTAMP 03.81.33

Е. Ө. Негыманов

аға оқытушы, Мемлекеттік басқару, бизнес және құқық факультеті,
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы
e-mail: Es_neg@mail.ru

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Мақалада XIX ғасырдың бірінші жартысынан XX ғасырдың екінші жартысынан бастап оңтүстік-шығыс Қазақстандағы денсаулық сақтау туралы қысқаша шолу берілген. Жоғарыда айтылған кезеңдегі дәстүрлі медицинада қандай қиындықтар туындады.

Кілтті сөздер: денсаулық, медицина, Талдықорған, бақсы, шаман, дәрігер.

КІРІСПЕ

Ежелден көшпенділер өмірінде бақсы – балгерлік өнер халықпен бірге жасасып келеді. Ғалым З. Самашевтің пайымдауынша Талдықорған қаласына таяу Баянжүрек тауындағы жартастарда салынған петроглифтердегі 3 бейне сонау ежелгі қола дәуіріндегі бақсылық көріністерден сыр шертетін көрінеді. Бойындағы жаратқан сыйы мен ерен қасиет дарыған жандар өнерінің қырсыры ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырды. Қойын күрттап, айранын ұрттап көшпенді ғұмыр кешкен елге сан ғасыр бойы халық емшілері қызмет көрсетті. Дерт меңдеген жанды бәленбай деген бақсыға үшкіртіп не зікір салдырып ажал тырнағынан арашалап, аяғына мінгізіпті делінген сөз, немесе бақсылардың ерекше ойын өнерін көзімен көрген қариялар арамызда әлі де бары шындық.

Шаман – сиқыр мен білім, көріпкел және сонымен бірге дәрігер де. Қырғыздар шаманды бақсы деп атайды, ал ол өз кезегінде, моңғолша мұғалім дегенді білдіреді [1]. Осындай қасиет иелері табиғатпен біте қайнасып, гармонияда өмір сүріп, сол табиғаттан адам ағзасына қасиетті материалдарды да алып отырған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ жүздері арасында Ресей империясы құрамына соңғы болып өткені Ұлы жүз. Өлкеге империяның әкімшілік, сот жүйесімен бірге көптеген жаңа салалары мен қатынастары енді. Соның бірі дәстүрлі медицина саласы.

1868 жылы Сарқан станицасы, Қапал, Гавриловка, Арасан, Ақсу, Абакумовка елді мекендерінде халыққа медициналық көмек көрсетуді небәрі бір дәрігер атқарған. Уезьд орталығы Қапалда саяси көзқарасы үшін жер аударылған дәрігер Собалевскийдің дәріхана мен науқастарды қабылдайтын шағын бөлмесі болған. Шоқанның ауруға шалдығып, біраз уақыт осы дәрігердің емдеуінде болғанын жазылған рецепттен көреміз [2].

Ел ішінде кең тараған безгек, шешек сияқты көптеген ауру түрін ауыздықтауға жалғыз дәрігердің шамасы жетпейтін. Әсіресе қара шешектің өршіген кезінде балалар арасындағы өлім жітім көбейетін.

«Дала уалаяты» газеті дәрігерлердің шығарған «Вестник общественной гигиены» журналына, Қапал уезінің казак дәрігері Колбасенконың «Жетісу облыстарының қазақтары» атты мақаласын жариялаған. Мақала желісі мұнда тұратын қазақтардың тұрмыс-тіршілігінің, ішкен тамғының жұпынылығы, аш – жалаңаш болып жүрген кедейлер, істеуге жұмыс таба алмайтындардың қисапсыз саны баса айтылады [3]. Колбасенко қазақтардың араларында ауыру – сырқаудың көбейіп бара жатқанына себеп болғаны, халықтың кедей болып кеткені, бұрындары ақша дегеннің не екенін білмейтін халықты, сотқар ақша бергеннен құтқару керек дей келе – қазақтың өнері, ежелден баққан малы. Өткен 1840-шы жылдардан казак-орыстар, Қазан, Тамбов ноғайлары дамыған жұрттан алыстағы Жетісу қазақтарының жеріне орналасып алып бұлардың тұрмыстарының бұзылуына себеп болды. Жергілікті халықтың саудасына жақын жерлерде базарлардың болмауы, алыстағы Семей, Қызылжар сияқты алыс қалаларға малдарын апара алмай, өсірген малдарында жөнді сата алмай, жоғарыда аталғандардың арзан бағасына келісіп, алданатынын қынжыла жазады.

1905 жылы өмірге келген көші – кон медициналық ұйымы Жетісу өңіріне көшіп келген еуропа ұлтының өкілдерін ғана қабылдап, медициналық көмек көрсетті. Бұл ұйым империя амбициясының сойылын соғып, жергілікті қазақ ұлтының мұқтажына көңіл бөлмеді. Бұл мекеме қармағына 39 науқас төсегі бар, 4 аурухана мен ірі орыс селоларында орналасқан бірнеше амбулаториялық пункттер енді.

1916 жылғы ұлт азаттық көтеріліс алдында Гавриловка дәрігерлік пунктінде бір дәрігерге 650 адамнан келді. Селодағы ауруханада, науқастарға арналып 6 төсек орны бөлінді.

